■ АҚТАУ ҚАЛАСЫ

# Оқушылар денсаулығы – басты назарда

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы жақында Ақтау қаласы, С.Қондыбайұлы атындағы №22 ОМ «Экологиялық проблемалардың жасөспірімдер дамуына әсері» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өткізді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының Қоғамдық денсаулық сақтау мемлекеттік қызмет көрсету және лицензиялау бөлімінің бас маманы А.Сырым, облыстық экология департаментінің бас маманы А.Ахметовалар өз баяндамаларында облыстың аймағындағы Шетпе карьерлерінен шығатын шаң, Қошқар ата қалдық көліндегі химиялық иіс, Мұнайлы ауданындағы радиоактивтік қалдықтардың ауаға таралуы, Бейнеу ауданы мен Ақшұқыр ауылдарындағы қалдықтарды қайта өңдеу мекемелерінің жұмыс істемеуі, Таушық ауылына тартылған су сапанетін улы газдардың қауіптілігі, Сайын Шапағат елді-мекенінен 35 шақырым жерде орналасқан полигон орнының әсерлері туралы және профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерістер жүргізу кезінде оларға экологиялық заң бұзушылықтар бойынша мекеме әкімшіліктеріне көлемді айыппұлдар салынғаны жөнінде мәліметтер келтірді.

Жиынға қатысушылар ерекше білім алуды қажет ететін балаларға берілетін білім мен емдеу қызметін жақсарту, жасөспірімдердің таза ауада демалуын ұйымдастыру, «Таза қала», «Таза ауыл» акцияларын дәстүрлі жүргізу, оқушыларға берілетін тамақ калориясы мен сапасын бақылау, экология департаменті, денсаулық басқармасы денсаулық мәселесі бойынша бірлескен әлеуметтік маңызы жоғары нақты шараларды жүзеге асыру, осы жұмыстарды үйлесті...